

Әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы N 51 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 04 мамырда N 2127 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 244 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 15.08.2013 № 244 қаулысымен.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарына және «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысына сәйкес, облыс әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 2) «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 3) «Мүгедектерге протездік - ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 4) «Мүгедектерді сурдо - тифлотехникалық құралдармен және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 5) «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қызмет көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 6) «Жалғызділікті, жалғыз тұратын қарттарға, бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедектерге және мүгедек балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 7) «Ауылдық жерде тұратын әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу

бойынша әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті
б е к і т і л с і н ;

8) «18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті;

9) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет р е г л а м е н т і ;

10) «Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

11) «Мүгедектерге кресло - арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

12) «Мүгедектерді санаторий - курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

13) «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

14) «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

15) «Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдама беру» мемлекеттік қызмет регламенті».

Ескерту. 1-тармаққа толықтырулар енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.12.28 № 348 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«16) «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті.»

Ескерту. 1-тармаққа толықтырулар енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013.05.14 № 133 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары М. Б. Б е й д а л и ғ а жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Мұхаметжанов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Көлік және коммуникация министрі

30 наурыз 2012 жыл

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2012 жылғы 30 наурыз № 51
қаулысымен бекітілген

«Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою» мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жұмыссыздар – кіріс әкелетін еңбек қызметімен айналыспайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге әзір, еңбекке жарамды жастағы жеке тұлғалар;

2) тұтынушы – Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, босқындар, шетелдіктер, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар;

3) уәкілетті орган – қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабына сәйкес әзірленді.

3. «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) мекен - жайы осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органмен көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 15-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды түрде жұмыссыз ретінде тіркеу және есепке қою (бұдан әрі – хабарлама) не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша, сондай - ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты мекен - жайы осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органнан алуға болады.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі тұтынушы осы Регламенттің 12-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейді;

2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің шекті ең көп уақыты бір өтініш берушіге қызмет көрсетуге 15 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына байланысты болады;

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты 15 минуттан аспайды.

9. Жұмыссыз ретінде тіркеуден, есепке алудан бас тарту қажетті құжаттар болмаған кезде, жалған мәліметтер мен құжаттар ұсынған кезде, осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыдан өтініш алған сәттен мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш береді;

2) уәкілетті органның кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді жүзеге асырады, тұтынушыға тіркелген және тұтынушының мемлекеттік қызметті алған күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон береді, құжаттарды уәкілетті органның басшысына қарауға береді;

3) уәкілетті органның басшысы келіп түскен құжаттармен танысуды жүзеге асырады және уәкілетті органның жауапты маманын анықтайды;

4) уәкілетті органның жауапты маманы келіп түскен құжаттарды тексереді, тұтынушыға хабарлама жобасын не қызмет көрсетуден бас тартудың дәлелді жауабын дайындайды, басшыға қол қойдырады, оны уәкілетті органның кеңсесіне жолдайды;

5) уәкілетті органның кеңсе қызметкері хабарламаны не дәлелді бас тартуды тұтынушыға береді.

11. Уәкілетті органда мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар қабылдауды іске асыратын тұлғалардың ең аз саны бір қызметкерді құрайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс - қимыл (өзара іс - қимыл) тәртібінің сипаттамасы

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттар:
Қазақстан азаматтары – жеке куәлік (паспорт);
шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар куәлігі;
оралмандар – оралман куәлігі;
- 2) еңбек қызметін растайтын құжаттар;
- 3) әлеуметтік жеке код (ӘЖК) берілгені туралы куәлік;
- 4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТТН);
- 5) соңғы жылы алған табысы туралы мәліметтер (мәлімдеме сипатында б о л а д ы) .

13. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде мынадай құрылымдық – функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) тартылады:

- 1) уәкілетті органның кеңсе қызметкері;
- 2) уәкілетті органның жауапты маманы;
- 3) уәкілетті органның басшысы.

14. Әрбір әкімшілік іс - қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ әкімшілік іс - қимылы дәйектілігінің және өзара іс - қимылының мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 3–қосымшасында келтірілген.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде әкімшілік іс-қимылдардың қисынды дәйектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысатын көрсететін схема осы Регламенттің 4-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды адамдардың жауапкершілігі

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты адам уәкілетті органның басшысы (бұдан әрі – лауазымды адам) болып табылады.

Лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетілуінің іске асырылуына ж а у а п к е р ш і л і к а р т а д ы .

Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті органдардың тізбесі

р/с №	Уәкілетті органның атауы	Орналасқан мекен-жайы	Телефон нөмірі	Жұмыс кестесі
1.	«Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақтау қаласы, 11 шағын аудан, № 50 ғимарат	8(7292) 432670	Демалыс және мереке күндерін қоспаған да аптасына бес күн, сағат 9-00 бастап 18-30 дейін, түскі үзіліс сағат 12-30 бастап 14-00 дейін
2.	«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жанаозен қаласы, 3 «а» шағын ауданы, «Достар» ғимараты	8(72934) 42988	
3.	«Түпқараған ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Маяұлы көшесі, Жастар орталығы	8 (72938) 22848	
4.	«Мұнайлы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мұнайлы ауданы, Маңғыстау селосы, қоғамдық ұйымдар ғимараты	8(7292) 466445	
5.	«Маңғыстау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, аудандық әкімдіктің ғимараты	8(72931) 21243	
6.	«Бейнеу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, М. Бегенов көшесі, 26 «б»	8(72932) 21275	
7.	«Қаракия ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қаракия ауданы, Құрық селосы, Досан Батыр көшесі, 4	8(72937) 21561	

(кімге арналған)

Сізді _____

(бас тарту себебін көрсету)

_____ байланысты жұмыссыз ретінде тіркеуден және есепке алудан бас тартылатынын хабарлаймыз.

Уәкілетті органның басшысы _____

(қ о л ы)

(Т А Ә)

« Ж ұ м ы с с ы з

тіркеу

және

мемлекеттік

3 - қ о с ы м ш а

қызмет

есепке

азаматтарды

қою»

регламентіне

Әкімшілік іс - қимылдардың (рәсімдердің) дәйектілігінің және өзара іс - қимылының сипаттамасы

1 - кесте. ҚФБ іс - қимылдарының сипаттамасы

Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы				
1	Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2	3
2	ҚФБ атауы	Уәкілетті органның кеңсе қызметкері	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты маманы
3	Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімдеудің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабарлармен танысу, орындау үшін жауапты маманды анықтау	Құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асыру, хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды дайындау
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі)	Басшыға құжаттарды бұрыштама қою үшін жіберу	Бұрыштама қою, жауапты маманға құжаттарды жөнелту	Уәкілетті органның басшысына материалдары мен бірге құжаттарды беру
5	Орындау мерзімдері	30 минут	1 сағат	9 күнтізбелік күн

6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	2	3	4
---	---------------------------	---	---	---

Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы				
1	Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) №	4		5
2	ҚФБ атауы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның кеңсе қызметкері	
3	Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімдеудің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттармен танысу	Хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды тіркеу	
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі)	Құжатқа қол қою	Тұтынушыға қызмет көрсету нәтижесін беру	
5	Орындау мерзімдері	30 минут	15 минут	
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	5		-

2 - кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

1-топ ҚФБ Уәкілетті органның кеңсе қызметкері	2-топ ҚФБ Уәкілетті органның басшысы	3-топ ҚФБ Уәкілетті органның жауапты маманы
№ 1 іс-қимыл Құжаттарды қабылдау, тіркеу, құжаттарды уәкілетті органның басшысына жіберу	№ 2 іс-қимыл Құжаттарды қарау, бұрыштама қою	№ 3 іс-қимыл Құжаттарды қарау, хабарламаны дайындау
	№ 4 іс-қимыл Хабарламаға қол қою	
№ 5 іс-қимыл Хабарламаны тіркеу және тұтынушыға беру		

3 - кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс

1-топ ҚФБ Уәкілетті органның кеңсе қызметкері	2-топ ҚФБ Уәкілетті органның басшысы	3-топ ҚФБ Уәкілетті органның жауапты маманы
№ 1 іс-қимыл Құжаттарды қабылдау, тіркеу, құжаттарды уәкілетті органның басшысына жіберу	№ 2 іс-қимыл Құжаттарды қарау, бұрыштама қою	№ 3 іс-қимыл Құжаттарды қарау, дәлелді бас тартуды дайындау
	№ 4 іс-қимыл Дәлелді бас тартуға қол қою	
№ 5 іс-қимыл Дәлелді бас тартуды тіркеу және тұтынушыға беру		

« Ж ұ м ы с с ы з

тіркеу

мемлекеттік

және

қызмет

есепке

азаматтарды

қою»

регламентіне

**Қызметті тұтынушы уәкілеттік органға өтініш берген кезде
ҚФБ іс - қимылдарының сипаттамасы**

(схеманы	қағаз	нұсқасынан	карағыңыз)
Маңғыстау		облысы	әкімдігінің
2012	жылғы	30	наурыз
қаулысымен			№ 51 бекітілген

**«Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың
салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу»
мемлекеттік қызмет регламенті**

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) іс макеті – азаматтың өтемақы алуға арналған жеке іс - қағазының макеті;

2) арнайы комиссиялар – Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу, оларға куәлікті беру үшін аудандар (қалалар) әкімдерінің шешімдерімен қ ұ р ы л а т ы н к о м и с с и я л а р ;

3) құрылымдық - функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – мүдделі органдардың жауапты тұлғалары, ақпараттық жүйелер және олардың ішкі ж ү й е л е р і ;

4) тұтынушылар – жеке тұлғалар: әуеде және жер үстінде ядролық жарылыстар жасаған кезеңде (1949-1965 жылдар) радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) өткерген азаматтар; 1966 жылдан 1990 жылғы 1 қаңтарға дейінгі аралықта жерасты ядролық жарылыстарын жасау кезеңінде осы аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) өткерген азаматтар; 1949 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта жеңілдікті әлеуметтік - экономикалық мәртебесі бар аумақта тұрған, жұмыс істеген немесе әскери

қызмет (соның ішінде мерзімді) өткерген азаматтар;
осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында аталған, мүгедек деп танылған аурулары бар адамдардың балалары, олардың денсаулық жағдайы мен «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңында аталған аймақтарда ата-аналарының бірінің болу факторы арасындағы себепті байланыстар анықталған ретте.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9 - 1 бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді .

3. Мемлекеттік қызметті тұтынушыға Маңғыстау облысының қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (бұдан әрі – арнайы комиссияның жұмыс органы) тұтынушының тұрғылықты жері бойынша ұ с ы н а д ы .

Сондай - ақ мемлекеттік қызмет баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – Орталық) арқылы ұсынылады.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының 11-бабының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет стандартының негізінде көрсетіледі.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және есепке алу туралы шешім жөнінде хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз тасығыштағы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмыстарды және оларға куәліктер беруді қамтамасыз ететін арнайы комиссиялар қатысады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша, мемлекеттік қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты мекен - жайлары осы Регламенттің 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген арнайы комиссияның жұмыс органынан және Орталықтан алуға болады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет тұтынушы осы Регламенттің 13-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап: арнайы комиссияның жұмыс органында – жиырма күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде;

Орталықта – жиырма күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде (мемлекеттік қызметке құжат қабылдау және беру (нәтиже) күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты (талон алғанға дейін) 30 минуттан аспайды;

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет тұтынушысына қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты арнайы комиссияның жұмыс органында 15 минуттан аспайды, Орталықта – 30 минут.

10. Тексеру қорытындысы бойынша іс макеті ресімделген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматқа біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақының төлену фактісінің анықталуы, сондай-ақ тұтынушының құжаттарды тапсырған кезде толық емес және (немесе) жалған мәліметтер ұсынуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Арнайы комиссияның жұмыс органы құжаттардың ресімделуінде қателер анықтаған кезде, осы Регламенттің 13-тармағында көзделген құжаттар пакеті толық ұсынылмаған және құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда құжаттар пакетін алған күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде бас тарту себебін көрсете отырып, хабарлама береді.

Мемлекеттік қызмет Орталық арқылы жүзеге асырылған кезде арнайы комиссияның жұмыс органы құжаттардың ресімделуінде қателер анықтаған кезде, осы Регламенттің 13-тармағында көзделген құжаттар пакеті толық ұсынылмаған және құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда құжаттар пакетін алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бас тарту себебін жазбаша негіздей отырып, оларды кейін тұтынушыға беру үшін Орталыққа жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыдан өтініш алған сәттен

мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету к е з е ң д е р і :

арнайы комиссияның жұмыс органына өтініш білдірген кезде:

- 1) тұтынушы арнайы комиссияның жұмыс органына өтініш береді;
- 2) арнайы комиссияның жұмыс органының маманы тіркеуді жүзеге асырады және тұтынушыны тіркеу және оның мемлекеттік қызметті алу күні, құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі мен аты - жөні көрсетілген талон береді, арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына құжаттарды береді;
- 3) арнайы комиссияның жұмыс органының басшысы келіп түскен құжаттармен танысуды жүзеге асырады және арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманын анықтайды;
- 4) арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманы тұтынушыдан ұсынылған құжаттарды қарауды жүзеге асырады, іс макетін дайындайды және оны арнайы комиссияға береді, хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабын дайындайды, арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына қол қойдыруға жібереді және арнайы комиссияның жұмыс органының маманына береді;
- 5) арнайы комиссияның жұмыс органының маманы хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабын тұтынушыға б е р е д і ;

Орталыққа өтініш білдірген кезде:

- 1) тұтынушы Орталыққа өтініш береді;
 - 2) Орталық инспекторы құжаттарды қабылдайды, өтініштің нөмірі мен қабылдаған күні; сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі; қоса берілген құжаттардың саны мен атауы; Орталықтың құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған жауапты инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді, тіркейді және құжаттарды Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторына береді;
 - 3) Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы құжаттарды жинақтауды жүзеге асырады, тізілім жасайды, құжаттарды арнайы комиссияның жұмыс о р г а н ы н а жібереді ;
- Құжаттар пакетін Орталықтан арнайы комиссияның жұмыс органына жіберу фактісін мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде құжаттардың қозғалысын бақылауға мүмкіндік беретін Штрих код сканерінің көмегімен белгіленеді.
- 4) арнайы комиссияның жұмыс органының маманы Орталықтың ақпараттық жүйесінде белгілейді (арнайы комиссияның жұмыс органында өзіндік ақпараттық жүйесі болмаған жағдайда) және алынған құжаттарды тіркеуді жүргізеді, басшының қарауына береді;
 - 5) арнайы комиссияның жұмыс органының басшысы келіп түскен

құжаттармен танысуды жүзеге асырады және арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманын анықтайды;

б) арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманы Орталықтан ұсынылған құжаттарды қарауды жүзеге асырады, іс макетін дайындайды және оны арнайы комиссияға береді, хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабын дайындайды, арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына қол қойдыруға жібереді және арнайы комиссияның жұмыс органының маманына береді;

7) арнайы комиссияның жұмыс органының маманы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін Орталықтың ақпараттық жүйесінде белгілей отырып (арнайы комиссияның жұмыс органында өзіндік ақпараттық жүйесі болмаған жағдайда), Орталыққа жолдайды.

Дайын болған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін арнайы комиссияның жұмыс органынан қабылдау кезінде келіп түскен құжаттар Орталықпен Штрих код сканерінің көмегімен белгіленеді.

8) Орталық инспекторы тұтынушыға хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабын тұтынушыға береді.

12. Арнайы комиссияның жұмыс органында және Орталықта мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар қабылдауды іске асыратын тұлғалардың ең аз саны бір қызметкерді құрайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс - қимыл (өзара іс - қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат;
- 4) салық төлеушінің куәлігі (бар болған жағдайда жеке сәйкестендіру нөмірі);
- 5) әлеуметтік жеке код берілгені туралы уақытша куәлік (бар болған жағдайда жеке сәйкестендіру нөмірі);

б) жинақ кітапшасын немесе өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйыммен жасалған шарт;

7) 1949 жылдан бастап 1965 жыл, 1966 жылдан бастап 1990 жыл кезеңдерінде Семей ядролық сынақ полигоны аумағында тұру фактісі мен кезеңін растайтын құжаттар (мұрағат анықтамалары, Халық депутаттары селолық, кенттік (ауылдық) кеңесінің, тұрғын-үй-пайдалану басқармаларының, үй басқармаларының, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдерінің, пәтер иелері

кооперативтерінің анықтамалары; еңбек кітапшасы; оқу орнын бітіргені туралы диплом; әскери билет; туу туралы куәлік, орта білім туралы аттестат, негізгі мектепті бітіргені туралы куәлік; Заңда белгіленген тәртіппен берілген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адам ретінде жеңілдіктер алуға құқығын растайтын куәлік).

Егер мұрағаттық және өзге де құжаттар сақталмаса – ядролық сынақтар әсеріне ұшыраған аумақта тұрғанының заңды фактісі мен кезеңін анықтау туралы сот шешімі.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде мынадай ҚФБ тартылады:

- 1) Орталық инспекторы;
- 2) Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы;
- 3) арнайы комиссияның жұмыс органының маманы;
- 4) арнайы комиссияның жұмыс органының басшысы;
- 5) арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманы;
- 6) арнайы комиссия.

15. Әрбір әкімшілік іс - қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ әкімшілік іс - қимылы дәйектілігінің және өзара іс - қимылының мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде әкімшілік іс - қимылдардың қисынды дәйектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланыстың көрсететін схемалар осы Регламенттің 4-қосымшасында келтірілген.

17. Хабарламаның не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың нысаны осы Регламенттің 5-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды адамдардың жауапкершілігі

18. Мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты адам арнайы комиссияның жұмыс органының және Орталықтың басшысы (бұдан әрі – лауазымды адамдар) болады.

Лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетілуінің іске асырылуына жауапкершілік артады.

«Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап

шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу»
 мемлекеттік қызмет регламентіне
 1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі арнайы комиссияның жұмыс органдарының тізбесі

р/с №	Арнайы комиссияның жұмыс органының атауы	Орналасқан мекен-жайы	Теле фон нөмірі	Жұмыс кестесі
1.	«Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ақтау қаласы, 11 шағын аудан, № 50 ғимарат	8(7292) 432670	Демалыс және мереке күндерін қоспаған да аптасына бес күн 9-00 дан 18-30 дейін, түскі үзіліс 12-30 ден 14-00 дейін
2.	«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жаңаөзен қаласы, 3 «а» шағын ауданы, «Достар» ғимараты	8(72934) 42988	
3.	«Түпқараған ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Маяулы көшесі, Жастар орталығы	8 (72938) 22848	
4.	«Мұнайлы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мұнайлы ауданы, Маңғыстау селосы, қоғамдық ұйымдар ғимараты	8 (7292) 466445	
5.	«Маңғыстау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, аудандық әкімдік ғимараты	8 (72931) 21243	
6.	«Бейнеу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, М. Бегенов көшесі , 26 «б»	8 (72932) 21275	
7.	«Қарақия ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қарақия ауданы, Құрық селосы, Досан Батыр көшесі, 4	8 (72937) 21561	

«Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет регламентіне

Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесі

№	Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы	Орналасқан мекен-жайы	Телефон нөмірі	Жұмыс кестесі
1	Маңғыстау облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы	Ақтау қаласы, 15 шағын аудан, 67 «б» ғимарат	8(7292) 42-23-11, 42-23-16	Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден сенбіні қоса алғанда, сағат 9.00- ден 20.00 - ге дейін үзіліссіз
2	№ 1 Ақтау қалалық бөлімі	Ақтау қаласы, 15 шағын аудан, 67 «б» ғимарат	8(7292) 42-23-19	
3	№ 2 Жаңаөзен қалалық бөлімі	Жаңаөзен қаласы, «Шұғыла» шағын ауданы, «Дельта банк» ғимараты	8(72934) 50-3-95 35-0-72	
4	№ 3 Мұнайлы аудандық бөлімі	Мұнайлы ауданы, Маңғыстау селосы, қоғамдық ұйымдар ғимараты	8(7292) 46-56-83 46-61-42	
5	№ 4 Бейнеу аудандық бөлімі	Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, Қосай ата көшесі, «Жастар орталығы» ғимараты	8(72932) 2-55-35, 2-56-35	
6	№ 5 Маңғыстау аудандық бөлімі	Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық алаң көшесі, 15	8(72931) 22-0-83, 22-0-79	
7	№ 6 Қарақия аудандық бөлімі	Қарақия ауданы, Құрық селосы, Уәлиханов көшесі, 15	8(72937) 22-2-10 22-1-41	
8	№ 7 Түпқараған аудандық бөлімі	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Маяұлы көшесі, 6-д ғимарат	8(72938) 2-30-38	
9	№ 8 Жетібай аудандық бөлімі	Қарақия ауданы, Жетібай кенті, Жаңақұрылыс көшесі, № 10 ғимарат	8(72935) 26-9-35	
10	Бейнеу ауданының № 9 Боранқұл бөлімшесі	Бейнеу ауданы, Боранқұл селосы, 7 ауыл, «Боранқұл мәдениет» мемлекеттік мекемесінің ғимараты	(72932) 3-16-95	
11	Түпқараған ауданының № 10 Ақшұқыр бөлімшесі	Түпқараған ауданы, Ақшұқыр селосы, Үштерек көшесі, 5	(72938) 33-28-44	

«Семей
ядролықядролық
сынақтардыңсынақ
салдарынанполигонында
зардап

шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу»
 мемлекеттік қызмет регламентіне
 3 - қ о с ы м ш а

Әкімшілік іс - қимылдардың (рәсімдердің) дәйектілігінің және өзара іс - қимылының сипаттамасы

1 - кесте. ҚФБ іс - қимылдарының сипаттамасы

Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы						
1	Ис-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2	3	4	5
2	ҚФБ, АЖ атауы	Орталық инспекторы	Орталықтың жинақтаушы бөлімінің инспекторы	Арнайы комиссияның жұмыс органының маманы	Арнайы комиссияның жұмыс органының басшысы	Арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманы
3	Ис-қимылдың (үдерістің, рәсімдеудің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Журналға қол қояды, тізілім жасайды және құжаттарды жолдайды	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Келіп түскен құжаттармен танысу, орындау үшін жауапты маманды анықтау	Құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асыру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі)	Журналға тіркеу және қолхат беру	Жинақтаушы бөліміне құжаттарды жинау, арнайы комиссияның жұмыс органына құжаттарды жөнелту	Басшыға құжаттарды бұрыштама қою үшін жіберу	Бұрыштама қою, жауапты маманға құжаттарды жөнелту	Арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына материалдарымен бірге құжаттарды беру
5	Орындау мерзімдері	30 минут	Күніне 2 реттен кем емес	30 минут	1 сағат	Бес күн ішінде күні
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	2	3	4	5	6

Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы						
1	Ис-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) №	6	7	8	9	10
2	ҚФБ, АЖ атауы		Арнайы комиссияның жұмыс	Арнайы комиссияның	Арнайы комиссияның жұмыс	

		Арнайы комиссия	органының жауапты маманы	жұмыс органының басшысы	органының маманы	Орталық инспекторы
3	Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімдеудің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қарау	Хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды дайындау	Құжаттармен танысу	Хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды тіркеу	Тұтынушыға хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды беру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі)	Шешім қабылдау, арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманына құжаттарды беру	Арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына материалдарымен бірге құжаттарды беру	Құжатқа қол қою	Тұтынушыға немесе Орталыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтиже сін беру	Тұтынушыға хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды беру
5	Орындау мерзімдері	Он бес күнтізбе-лік күннен аспайтын	Жұмыс күні ішінде	30 минут	Жұмыс күні ішінде	Жұмыс күні ішінде
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	7	8	9	10	-

2 - кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

1-топ ҚФБ Орталық инспекторы	2-топ ҚФБ Орталықтың жинақтаушы бөлімінің инспекторы	3-топ ҚФБ Арнайы комиссияның жұмыс органының маманы	4-топ ҚФБ Арнайы комиссияның жұмыс органының басшысы	5-топ ҚФБ Арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманы	6-топ ҚФБ Арнайы комиссия
№ 1 іс-қимыл Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, құжаттарды Орталықтың жинақтаушы бөліміне жіберу	№ 2 іс-қимыл Тізілім жасау, арнайы комиссияның жұмыс органына құжаттарды жөнелту	№ 3 іс-қимыл Орталықтан немесе тұтынушыдан құжаттарды қабылдау, тіркеу, арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына жөнелту	№ 4 іс-қимыл Бұрыштама қою, құжаттарды арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманына беру	№ 5 іс-қимыл Құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асыру, арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына материалдарымен бірге құжаттарды беру	№ 6 іс-қимыл Құжаттарды қарау, шешім қабылдау, арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманына құжаттарды беру

				№ 7 іс-қимыл Хабарламаны дайындау, арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына материалда-рымен бірге құжаттарды беру	
			№ 8 іс-қимыл Хабарлама-ға қою		
		№ 9 іс-қимыл Хабарламаны тіркеу, хабарламаны Орталыққа немесе тұтынушыға беру			
№ 10 іс-қимыл Тұтынушыға Орталық - та хабарламаны беру					

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс

1-топ ҚФБ Орталық инспекторы	2-топ ҚФБ Орталықтың жинақтаушы бөлімінің инспекторы	3-топ ҚФБ Арнайы комиссияның жұмыс органының маманы	4-топ ҚФБ Арнайы комиссияның жұмыс органының басшысы	5-топ ҚФБ Арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманы	6-топ ҚФБ Арнайы комиссия
№ 1 іс-қимыл Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, құжаттарды Орталықтың жинақтаушы бөліміне жіберу	№ 2 іс-қимыл Тізілім жасау, арнайы комиссияның жұмыс органына құжаттарды жөнелту	№ 3 іс-қимыл Орталықтан немесе тұтынушыдан құжаттарды қабылдау, тіркеу, арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына жөнелту	№ 4 іс-қимыл Бұрыштама қою, құжаттарды арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманына беру	№ 5 іс-қимыл Құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асыру, арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына материалда-рымен бірге құжаттарды беру	№ 6 іс-қимыл Құжаттарды қарау, шешім қабылдау, арнайы комиссияның жұмыс органының жауапты маманына құжаттарды беру
				№ 7 іс-қимыл Дәлелді бас тартуды дайындау, арнайы комиссияның жұмыс органының басшысына материал-	

				дарымен бірге құжаттарды беру	
			№ 8 іс-қимыл Дәлелді бас тартуға қол қою		
		№ 9 іс-қимыл Дәлелді бас тартуды тіркеу, оны Орталыққа немесе тұтынушыға беру			
№ 10 іс-қимыл Тұтынушыға Орталықта дәлелді бас тартуды беру					

«Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет регламентіне
4 - қ о с ы м ш а

Әкімшілік іс - қимылдардың (рәсімдердің) дәйектілігінің және өзара әрекеттестігінің сипаттамасы

(схемаларды қағаз нұсқасынан қарағыңыз)

«Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет регламентіне
5 - қ о с ы м ш а

Т . А . Ә .

м е к е н - ж а й ы

ХАБАРЛАМА

_____ аудандық/қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арнайы комиссияның Сізді Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азамат ретінде тіркегені және есепке алғаны жөнінде шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Сіздің құжаттарыңыз Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азамат ретінде біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындау үшін өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымға жіберілді.

_____ аудандық/қалалық
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Т . А . Ә .

м е к е н - ж а й ы

ХАБАРЛАМА

_____ аудандық/қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, арнайы комиссияның Сізді Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азамат ретінде тіркеуден және есепке алудан келесі себептер бойынша бас тартқаны жөнінде шешім қабылдағаны туралы хабарлайды

_____ аудандық/қалалық
жұмыспен қамту және әлеуметтік

Маңғыстау

облысы

әкімдігінің

2012 жылғы

30 наурыз

№ 51

қаулысымен

бекітілген

«Мүгедектерге протездік - ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Мүгедектерге протездік - ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тұтынушылар – Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектері, сондай - ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызметтік міндеттерін атқаруымен байланысты мүгедек болған әскери қызметшілер;

ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының қызметтік міндеттерін атқаруымен байланысты мүгедек болған адамдары;

жалпы аурудан мүгедек болғандар;

бала жасынан мүгедектер;

мүгедек балалар;

жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектер;

2) құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – мүдделі органдардың жауапты тұлғалары, ақпараттық жүйелер және олардың ішкі жүйелері;

3) уәкілетті орган – Маңғыстау облысының аудандық және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері;

4) Орталық – Маңғыстау облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы және оның құрылымдық бөлімшелері.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабына сәйкес әзірленді.

3. «Мүгедектерге протездік - ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) уәкілетті орган, сондай-ақ баламалы негізде Орталық арқылы көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 22 - бабының 1-тармағының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген Мүгедектерді протездік - ортопедиялық көмекпен және техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз ету ережесінің негізінде ұсынылады.

6. Өтініш беруші алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі мүгедектерге протездік - ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) не қағаз жеткізгіштегі қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша, мемлекеттік қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты мекен-жайлары осы Регламенттің 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген уәкілетті органнан немесе Орталықтан алуға б о л а д ы .

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері тұтынушының осы Регламенттің 12-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәтінен бастап: уәкілетті органда – он жұмыс күні ішінде;

Орталықта – он жұмыс күні ішінде (құжатты қабылдаған күн мен (нәтижесін) берген күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

2) тұтынушы өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет алғанға дейін (талон алғанға дейін) күтудің ең көп шекті уақыты 30 минуттан а с п а й д ы ;

3) тұтынушы өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейін күтудің ең көп шекті уақыты уәкілетті органда 15

минуттан, Орталықта 30 минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай негіздемелер бойынша бастартылды :

1) тұтынушының протездік - ортопедиялық көмек көрсетуді қабылдауға медициналық қарсы көрсетілімдері болғанда;

2) аталған мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін құжаттардың біреуі болмағанда, Орталықтан түсетін құжаттарды ресімдеуде қателіктер табылған кезде ;

3) жалған мәліметтер мен құжаттар ұсынылғанда;

4) жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерге, егер олардың қызметі заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтатылмаған жағдайда бастартылуы мүмкін.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыдан өтініш алған сәттен мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері :

уәкілетті органға өтініш білдірген кезде:

1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш береді;

2) уәкілетті органның маманы тіркеуді жүзеге асырады және тұтынушыны тіркеу және оның мемлекеттік қызметті алу күні, құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі мен аты - жөні көрсетілген талон береді, уәкілетті органның басшысына құжаттарды береді;

3) уәкілетті органның басшысы келіп түскен құжаттармен танысуды жүзеге асырады және уәкілетті органның жауапты маманын анықтайды;

4) уәкілетті органның жауапты маманы тұтынушыдан ұсынылған құжаттарды қарауды жүзеге асырады, хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту туралы дәлелді жауабын дайындайды, уәкілетті органның басшысына қол қойдырады және уәкілетті органның маманына береді;

5) уәкілетті органның маманы хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту туралы дәлелді жауабын тұтынушыға береді;

Орталыққа өтініш білдірген кезде:

1) тұтынушы Орталыққа өтініш береді;

2) Орталық инспекторы құжаттарды қабылдайды, өтініштің нөмірі мен қабылдаған күні; сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі; қоса берілген құжаттардың саны мен атауы; Орталықтың құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған жауапты инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді, тіркейді және құжаттарды Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторына береді;

3) Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы құжаттарды жинақтауды жүзеге асырады, тізілім жасайды, құжаттарды уәкілетті органға жібереді;

Құжаттар пакетін Орталықтан уәкілетті органға жіберу фактісін мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде құжаттардың қозғалысын бақылауға мүмкіндік беретін Штрих код сканерінің көмегімен белгіленеді.

4) уәкілетті органның маманы Орталықтың ақпараттық жүйесінде белгілейді (уәкілетті органда өзіндік ақпараттық жүйесі болмаған жағдайда) және алынған құжаттарды тіркеуді жүргізеді, басшының қарауына береді;

5) уәкілетті органның басшысы келіп түскен құжаттармен танысуды жүзеге асырады және уәкілетті органның жауапты маманын анықтайды;

